

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ



РУСТЕМОВ
Лениншіл
Зиябекұлы

А л м а т ы 2 0 1 2



ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

РУСТЕМОВ
ЛЕНИНШІЛ ЗИЯБЕКҰЛЫ

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2012

Жауапты редакторлар:

М.М. Бүркітбаев, Г.М. Мұсағалиева, Б.Н. Жұбатова

Құрастырушы

З.С. Махамбетова

Редакторлар:

З.С. Махамбетова, Е.Қ. Қасабекова

Рүстемов Лениншіл Зиябекұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст.: З.С. Махамбетова; жауапты ред.: М.М. Бүркітбаев, Г.М. Мұсағалиева, Б.Н. Жұбатова; ред.: З.С. Махамбетова, Е.Қ. Қасабекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 24 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш профессор, қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз Рүстемов Лениншіл Зиябекұлының туғанына 80 жыл толуына байланысты ұйымдастырылған шараларға арнайы даярланды.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Жарияланған еңбектер хронологиялық реттілікпен, әр жыл ішінде әліппе тәртібі бойынша орналасқан: әуелі қазақша, одан кейін орыс тілдерінде берілді.

Көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, әдебиет мамандарына, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері мен кітапхана қызметкерлеріне арналған.

Көрсеткіштің мақсаты Лениншіл Зиябекұлының шығармаларын оқушы жұртшылық арасында кең насихаттауға көмектесу, ғалым еңбектерімен таныстыру болып табылады.

Оқырмандардың пайдалануына ыңғайлы болу үшін бірлескен авторлардың есім көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

ПРОФЕССОР Л. З. РҮСТЕМОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Профессор Лениншіл Зиябекұлы Рүстемов 1932 жылы 8 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданының «Коммуна» ауылында дүниеге келген.

- 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданында қазақ орта мектебін бітірді.
- 1948-1953 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің студенті болды.
- 1953-1956 жылдары Талдықорған облысында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді.
- 1956-1958 жылдары Келес ауданы комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды.
- 1959-1960 жылдары С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды.
- 1962 жылы С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасын бітірді.
- 1962 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмыс қорғады.
- 1962 жылы «Тың жерлерді игергендігі үшін» медалімен марапатталды.
- 1962-1969 жылдары С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың жалпы тіл білімі кафедрасының доценті, аға оқытушысы болды.
- 1963 жылы жалпы тіл білімі кафедрасында доценттік ғылыми атақ бекітілді.

- 1969-1973 жылдары аға инспектор, Қазақстан Жоғары оқу орны министірлігінің жоғары оқу орны басқарма бастығының орынбасары болды.
- 1973-1976 жылдары І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарды.
- 1976-1977 жылдары Қазақстан орталық партия комитетінің ғылым және техника бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды.
- 1977-1989 жылдары Қазақ ССР Ағарту министрлігі министрінің орынбасары болды.
- 1982 жылы Моңғол Халық Республикасының «Достық» медалімен марапатталды.
- 1982 жылы Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Құрметті грамотасын алды.
- 1987 жылы Қазақ ССР Ағарту министрлігінің «Ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін алды.
- 1989-1991 жылдары С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарды.
- 1989-1991 жылдары С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың оқу бөлімі жөніндегі проректоры, шығыстану факультетінің деканы, иран және түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.
- 1991 жылы шығыс филологиясы кафедрасында профессорлық ғылыми атақ берілді.

Қоғам қайраткері Лениншіл Зиябекұлы Рүстемов республиканың білім беру саласын ұйымдастыру ісіне орасан зор еңбегі сіңген ғалым.

ПРОФЕССОР Л. З. РҮСТЕМОВТИҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Ғалым, профессор, ұстаз Рүстемов Лениншіл Зиябекұлы халқының біртуар азаматы, ұлтының жанашыр ұлы қазақ шығыстану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосты. Ғалымның негізгі еңбектері қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздеріне, қазақ тіліндегі парсы тілін оқушыларға арналған 2 томдық оқулық және ғылыми жұмыстардан тұрады. Профессор Л.З. Рүстемовтің ғылыми жұмысы негізінен араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігіне арналған.

Араб тілі XIII ғасырда араб елі жаулап алғаннан кейін көптеген халықтың тілдеріне, мәдениетіне, әсіресе лексика саласында зор әсер етті, сонымен қатар ислам дінінің таралуына байланысты араб тілінің әсері күрт өсті. Осы кезеңде Таяу және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тіл қызметін атқарды. Дәл осындай ықпалды, сәл кейінірек, ескі әдеби дәстүрдің тасымалдаушысы ретінде парсы тілі де орын алды. Бұл араб-парсы тілдерінің шығыс халықтарының қоғамдық-мәдени өміріндегі рөлін Еуропадағы латын және француз тілдерінің рөлімен жиі салыстырады. Қазақ халқы бірнеше ғасырлар бойы ислам дінінің әсерін бастан кешті, соның салдарында халықтың рухани өміріне, мәдениетіне әсіресе тіліне айтулы өзгерістер енді. Осылайша қазақ тілі ғылымның сан-салалы қолданысында ұшталды. Осы айтылғандарды жіпке тізіп, ғылыми жүйелеу инемен құдық қазғандай екені даусыз.

Осындай қыруар жұмысты бітіруге бел шеше кіріскендердің бірі ғалым Л.З. Рүстемов болды. Оның қолынан шыққан "Қазіргі заманғы қазақ тіліндегі араб-иран сөздері" (1982), "Араб-иран сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі" (1989) және "Сөз туралы сөз" (1991) ұзақ жыл тынымсыз еңбектеніп, тамшылата тер төгуден туған шығармалар еді. Осылардың ішіндегі сүбелісі, әрине түсіндірме сөздік. Мысалы: 2186 сөз бен омонимдік қатардан тұратын бұл туындыда, әдеттегідей араб, иран тілдерінен енген сөздерінің тек тізбегі келтірілмей, олардың түсіндірілу тұстары да айқын жазылады. Сонымен қатар, тіліміздегі араб-парсы сөздерінің бастапқы айтылу принципіне көп көңіл бөлінген. Сондай-ақ араб-

парсы сөздерінің қазіргі кездегі орысша жазылу, айтылу дәрежесіне де назар аударылған. Жалпы алғанда сөздіктегі қамтылған сөз көлемі, ол сөздерді түсіндірудегі принциптер қамтитын мәселелерімен, бұрын-соңды болмаған ерекшелігімен кестеленеді.

Ғалым Л.З. Рүстемов – қарапайым ауыл мұғалімінен мемлекеттік университеттің профессорлығына дейін өскен ұлағатты ұстаз. Ғалымның ғылымдағы елеулі еңбегі ақталып, "Халық ағарту ісінің озық қызметкері" төсбелгісі берілді.

Рүстемов Лениншіл Зиябекұлы шығыстану факультетіне келгенде иран бөлімінің бірінші курсы студенттерінің Иран Ислам Республикасының уақытша елшісімен еркін тілдесуі оны таңдандырды және бұл жайт ғалымның осы факультеттің төртінші курс студенттерімен 1992-1993 оқу жылында Тегран университетіне тәжірибе алмасуға аттануына себепкер болды дейді.

Ұстаз Л.З. Рүстемов ойшылдығымен әрі әділдігімен қоғамдық қызметте қолтаңба қалдырған өз кіндік жұртының азаматы болып қала береді. Ғалымның өмірбаянын оқысаңыз, "Әке академиясынан" тәлім алған қазақи болмысты сақтаған перзент екеніне көзіңіз жетеді.

ӨМІРБАЯНЫНАН ҮЗІК ҮЛГІ

1992 (мешін) жылы 14-24 сәуір аралығында С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың ректоры, профессор Көпжасар Нәрібай және оның проректоры, профессор Әбдісаттар Дербісәлімен бірге Иран Ислам Республикасының сыртқы істер уәзірі ұлы мәртебелі Әли Әкбар Уәлаяты мырзаның шақыруымен Иранда болып қайтқан профессор Л. Рүстемовтің "Жас алаш" газетінде 16-20 мамырда жарияланған "Иран иірімдері немесе көзбен көріп, жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен" атты жолжазбасынан үзінді келтірейік:

"Мен 50-жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің иран-ауған филологиясы бөлімін бітірген тұңғыш қазақ едім. 40 жылға жуық мерзім ішінде өз мамандығым бойынша туған елімде жұмыс таба алмай келдім. Әдетте біздің факультетті бітіргендерді мемлекеттік Қауіпсіздік комитетіне, радиокомитеттің шетел хабарлар бөліміне, шекара әскери қызметіне, ғылыми-зерттеу институттарына, тағы басқа жұмысқа жіберетін. Маған, халық жауының ұлына, қолдан жасалған кедергілерді қайтерсің, ондай қызметті құдай менің пешенеме жазбапты. Сол жылы САГУ-ге Қазақ ССР Ғылым академиясынан шығыстанушы жас мамандарын жіберуін сұраған өтініш қағаз келді.

Киерге киім, тамаққа ақшам болмаса да, қуанышым қойныма сыймай, үйтіп-бүйтіп әйтеуір астанамыз Алматыға жеттім-ау. Өкінішке орай, кеше ғана құшағын жая бірге туған бауырымдай қарсы алып, аспирантураға бармай-ақ қой, жай ғылыми қызметкер болып жүріп-ақ ғылыммен шұғылдануға болатыны туралы ақыл айтқан тіл және әдебиет институтының директоры Ахмеди Ысқақов менің өмірбаяныммен танысып болған күннің ертеңінде, жанында түрі суық екі адамы бар, салқын пейілмен: – Қарағым, сен Зиябектің баласы ма едің? – демесі бар ма? – Ия. – Кеше асығыстау уәде берген екенмін; аспирантурада да, институтта да орын жоқ. – Алматыда туыс түгіл, танысым да жоқ, барар жер, басар тауым жоқ, түнеп жүрген жерім теміржол вокзалы немесе түн жамылып жатар жерім парктің іші. Мамандығым парсы мен пушту тілі еді. Енді не істеймін? – деп жыламсырап, сасқанымда Ахаң жерге қарап, аузына құм құйылғандай, күмілжіп ештеңе дей алмады. Аханның еркі емес, үш әріптің орнатқан тәртібі екенін талай жыл

өтіп, ол кісімен жақындасып, ғылыми еңбектерінен нәр алғаннан кейін барып білдім.

Отыз бес жастағы әкемді 1937 жылы ұстап әкеткен күннің ертеңінде отыздағы сауатсыз анамды пәтерінен қуып, ұлы мен қызын тартып алып, көз жазып қалғаны, кенже ұлы, менімен панасыз қалғаны еміс-еміс болса да есімде. Жұрттың айтуынша, отағасынан, тірідей екі баласынан айрылған қайран шешем бас сауғалап барған төркін жұртында құса шерден басын көтермей, жарық дүниенің жылуын тәрк етіп, қырық күннен кейін дүние салыпты.

Әкем жарықтық айдаудан 44-жылы оралды. «Колымада» болыпты. Қос қолының алты саусағы ашылмайтын, жазылмайтын, тергеу кезінде ұрып сындырыпты, шашы қудай. Алғашқы рет кездескенімізде 42 жастағы кісі көзіме қаусаған қарт сияқты көрінді. Ауылдағы жеті жылдық мектепке мұғалім болып орналасып еді, айналдырған бір айдың ішінде жұмыстан босап қалды. Аудан бойынша жоғары білімді екі кісінің бірі болса да, жасөспірімдерді оқытып-тәрбиелеуді "халық жауына" тапсыру "мұрттың" (Сталинді әкем солай атайтын) тірі кезіндегісі көңілге қонбайтын, саясатқа сай келмейтін. Екі жеңін сыбанып, тікелей араласып, көсегесін көгертемін деп өмірін қиған "жаңа заман" әкемнің көзіне көкесін көрсетіп, көк шыбын үймелетті, қорлады, зардабын тартқызды. Содан ол маған көп ұзамай "сенін атың бұдан былай Лениншіл емес Абылай" деді. Орта мектепті бітірерде ағамның айтуымен бұрынғы атымды қалдырдым. Ол да ақыл болған екен, үйтпесе, құдай білсін, бүгін менің қайда жүрерімді. Жұмыссыз қалған әкем өмірінің ақтық деміне дейін "әйтеуір, келешекте бір жарық көрер" деген үмітпен жазумен болды. Жазуы төтенше араб әріптері.

1948 жылдың бас кезінде 45 жасында Зекен қайтпас сапарға кетті. Дүниеден өтер алдында біраз бұрын менен: Осы сенің кім болғың келеді, оныншы класты бітіріп жатырсың? – деп сұрады. Мен: "Қайдан білейін" деп шынымды айттым. Үлкен ұлым – орыс, кенжем осы жазғандарыма келешекте бас-көз болар ма екен деген үміті болса керек. Шынтуайтқа келгенде, шығыстану факультетіне түскендегі мақсатым – арабша жазуды үйреніп, әкемнің еңбегін жариялау еді. Ол мақсатыма 37 жыл өткеннен кейін толық болмаса да жеткен сияқтымын".

ПРОФЕССОР Л. З. РҮСТЕМОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аясы кеңіген факультет // Алматы ақшамы. – 1992. – 10 шілде.
2. Дүйісмағамбетов, М. Соны пікірлер / М. Дүйісмағамбетов // Қазақстан мектебі. – 1986. – № 9. – 79-80 бет.
3. Көкен, Е. Әке арманын ақтаған / Е. Айкен // Жас алаш. – 1992. – 22 қазан.
4. Қожакеев, Т. Өз заманының өлмес перзенті / Т. Қожакеев // Жас алаш. – 1992. – 29 тамыз.
5. Мәулетов, Ғ. "Ауыл" газетінің редакторы болған Зиябек Рүстемов кім еді? / Ғ. Мәулетов // Қазақ. – 2012. – 1-8 маусым.
6. Нәрібаев, К. Н. Лениншіл Рүстемов / Н. Нәрібаев // Қазақстан мұғалімі. – 1993. – 24 желтоқсан.
7. Сатыбалдин, С. Дүниетанудың дүлдүлі / С. Сатыбалдин // Айқын. – 2012. – 7 маусым.
8. Серғалиев, М. Сүбелі сөздік / М. Серғалиев, Т. Сайранбаев // Қазақстан мұғалімі. – 1990. – 11 мамыр.

* * *

9. Рүстемов Лениншіл Зиябекович: декан фак. востоковедения КазГУ им. аль-Фараби, 1932-1993: некролог // Учитель Казахстана. – 1993. – 30 дек.
10. Уманов, Г. Учитель завтрашнего дня / Г. Уманов // Казахст. правда. – 1986. – 22 февр.
11. Шарипов, У. Оригинальный словарь / У. Шарипов // Казахст. правда. – 1990. – 29 мая.

ПРОФЕССОР Л. З. РУСТЕМОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1962

1. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері: ун-тің филология факультетінде сырттан оқушы студенттер үшін көмекші құрал / ҚазССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі; С. М. Киров атындағы ҚазМУ. – Алматы, 1962. – 16 бет.

1963

2. Қазақ тіліндегі араб-иран сөздері туралы // Қазақстан мектебі. – 1963. – № 5. – 78-79 бет.

* * *

3. Арабско-иранские заимствования в казахском языке: автореф. дис. ... на соиск. учен. степ. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1963. – 20 с.
4. Арабско-иранские заимствования в казахском языке: дис. ... на соиск. учен. степ. канд. филол. наук / Л. З. Рустемов; науч. рук.: М. Б. Балакаев; КазГУ им. С. М. Кирова. – Алма-Ата: [Б. и.], 1963. – 282 с.
5. О грамматических особенностях арабских и иранских заимствований в казахском языке // Тіл және әдебиет мәселелері: аспиранттар мен ізденушілер мақалаларының жинағы. – Алматы, 1963. – 22-28 б.
6. Фонетические изменения и грамматические особенности арабско-иранских заимствований в казахском языке: пособие для студентов-заочников / КазГУ им. С. М. Кирова. – Алма-Ата, 1963. – 30 с.

1964

7. Үндес жыр, ортақ мұралар: туысқан әдебиеттер әлемінде // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 10 сәуір / С. Мұқанов, М. Жолдасбековпен бірге.

1966

8. Жүректерге жол тапсақ...: қабілетсіз маман қайдан шығады? // Лениншіл жас. – 1966. – 3 шілде.

1968

9. Живой и сложный процесс // Учитель Казахстана. – 1968. – 8 мая. – Рец. на кн.: Суюншалиев Х. Становление и развитие казахской литературы (с древнего периода до конца XIX века). – Алма-Ата: Казахстан, 1967.

1970

10. Тегеран сапары // Социалистік Қазақстан. – 1970. – 8 қыркүйек.

1974

11. Алғашқы қадамдарымыз: Талдықорған пед. ин-тының ректоры Л. З. Рүстемовпен сұхбат. / сұхбат: Ж. Біләлов // Қазақстан мұғалімі. – 1974. – 12 сәуір.

1976

12. Ұстаз жайын сөз етсек...: Талдықорған пед. ин-тының оқу тәрбие базасы // Қазақстан мұғалімі. – 1976. – 20 ақпан.
13. Ұстаз – игілікті қызмет // Октябрь туы. – 1976. – 21 ақпан.

1977

14. Алынды білім асқары, ұстаздық өмір басталды: мақалалар // Қазақстан мұғалімі. – 1977. – 8 шілде.
15. Тәрбие жұмысын комплексті жүргізейік // Социалистік Қазақстан. – 1977. – 18 қаңтар.

* * *

16. Высшей школе – достойное пополнение: о перспективах высш. пед. школы и задачах предстоящего набора: беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. З. Рустемовым / записала Е. Каурова // Учитель Казахстана. – 1977. – 30 июня.
17. Талды-Курганский педагогический институт // КСЭ. – Алма-Ата, 1977. – Т. 10. – С. 533.

1978

18. Мұғалім – творчестволық үлкен күш // Қазақстан мұғалімі. – 1978. – 29 қыркүйек.
19. Партияның сенімді көмекшісі: ҚазССР оқу министрінің орынбасары Л. Рүстемовтің жаңа оқу жылында ауыл мектептерінде еңбек жолын бастайтын жастар жайлы әңгімесі / жүргізген Е. Естаев // Қазақстан мұғалімі. – 1978. – 7 шілде.

* * *

20. В помощь словеснику // Русский язык в казахской школе. – 1978. – № 3. – С. 51-54.
21. Работа с кадрами в Казахстане в области преподавания русского языка в национальной школе // Русский язык в национальной школе. – 1978. – № 2. – С. 6-14 / Соавт.: Д. Турсунов, А. Азарова, А. Кульниязова.

1979

22. Осуществление комплексного подхода к коммунистическому воспитанию учащейся молодежи // Актуальные вопросы комплексного подхода к организации коммунистического воспитания студентов высших и учащихся средних специальных учебных заведений: материалы респ. науч.-метод. конф. – Алма-Ата, 1979. – С. 28-38.

1980

23. Жоғары квалификациялы мамандар даярлаудың сапасы жақсартылсын // Қазақстан мектебі. – 1980. – № 10. – 3-8 бет.

* * *

24. Чтобы завтрашний учитель в ногу с временем шагал: беседа с зам. министра просвещения КазССР Л.З. Рустемовым / записала Е. Каурова) // Учитель Казахстана. – 1980. – 27 нояб.

1981

25. Путевку в вуз – достойным!: беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. З. Рустемовым / записала Е. Каурова // Учитель Казахстана. – 1981. – 23 июля.

1982

26. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 159 бет.
27. Студент және интернационалдық тәрбие // Қазақстан мұғалімі. – 1982. – 22 қазан.

* * *

28. Языковое отражение исторических связей русского и казахского народов // Вопросы интернационального воспитания в курсах истории СССР в педагогических институтах: тез. докл. и сообщ. науч.-практ. конф. – Алма-Ата, 1982. – С. 62-65.

1983

29. Дәстүрлер мен таптық сипаттар: Англия сапарының жазбалары // Жұлдыз. – 1983. – № 8. – 158-167 бет.

30. Оқу жүйесінің белді саласы // Қазақстан мектебі. – 1983. – № 4. – 5-11 бет.
31. Өндіріс және оқу: жоғары пед. оқу орындарында сырттан оқу жүйесінің жұмысын жақсарту жайлы // Қазақстан мектебі. – 1983. – № 1. – 1-8 бет.
32. Сырттан оқушыларға қамқорлық // Қазақстан мұғалімі. – 1983. – 18 наурыз.

* * *

33. Забота о заочниках // Учитель Казахстана. – 1983. – 3 марта.

1984

34. Еңселі талап: респ. пед. ин-ттарының жұмысы жайлы // Қазақстан мектебі. – 1984. – № 5. – 3-8 бет.
35. Күн мен тау елінде: Ауғанстанға барған сапары жайлы // Білім және еңбек. – 1984. – № 12. – 16-17 бет.
36. Тек шеберлер ғана жеңеді: Ташкент қ. мектеп оқушыларының Бүкілодақтық XVIII Спартакиадасының ашылуына орай // Лениншіл жас. – 1984. – 18 қыркүйек.
37. Тіл білімі тарихына қысқаша шолу: пед. ин-ттарының филол. фак. студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 71 бет.
38. Іс тетігі – кадрда: респ. пед. училищелер жұмысынан // Бастауыш мектеп. – 1984. – № 12. – 3-6 бет.

* * *

39. Важный фактор повышения уровня подготовки специалистов: о преподавателях русского языка в вузах Казахстана // Вестник высшей школы. – 1984. – № 6. – С. 28-30.
40. Кто придет в педагоги?: беседа с зам министра просвещения КазССР Л. Рустемовым / записала Н. Шукина // Учитель Казахстана. – 1984. – 5 июля.
41. Правовое воспитание студенческой молодежи в педвузах Казахстана // Пути совершенствования учебно-воспитательного процесса и повышения качества подготовки учителей истории: тез. докл. и сообщ. Всесоюз. науч.-практ. конф. – Луцк, 1984. – С. 209.

42. Учитель, перед именем твоим...: беседа с зам. министра просвещения КазССР Л. Рустемовым / записал В. Джанаев // Огни Алатау. – 1984. – 28 июля.

1985

43. Педагогика институттары комсомолының міндеттері // Қазақстан мектебі. – 1985. – № 9. – 3-8 бет.

* * *

44. Овладевать общественной профессией: к итогам республиканского смотра-конкурса // Учитель Казахстана. – 1985. – 18 июля / Соавт.: М. Кожухаров.
45. Коммунистическое воспитание студенческой молодежи. – Алма-Ата. – 1985. – 28 с.
46. Комплексный подход к процессу формирования личности студента // Социалистический образ жизни и актуальные вопросы формирования личности студента: тез. докл. и сообщ. респ. науч.-практ. конф. – Алма-Ата, 1985. – С. 18-23.
47. Подготовка педагогических кадров в условиях развитого социализма. – Алма-Ата: Мектеп, 1985. – С. 215.
48. Правовое воспитание студентов педвузов Казахстана // Актуальные проблемы правового воспитания в условиях совершенствования развитого социализма: материалы Всесоюз. науч.-практ. конф. – М., 1985. – С. 188.
49. Физкультура – каждый день // Учитель Казахстана. – 1985. – 19 сент.

1986

50. Басында Қазығұрттың: өлеңдер, дастан, қиссалар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 бет.
51. Зейінді зерттеу // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 25 сәуір.

* * *

52. Физвоспитание – на современный уровень // Учитель Казахстана. – 1986. – 27 ноябрь.

1987

53. Оқу жастарға интернационалдық тәрбие берудің кейбір мәселелері туралы: ҚазССР оқу министрінің орынбасары Л. З. Рүстемовтің респ. ғылыми-практ. конф. сөйлеген сөзінен // Қазақстан мұғалімі. – 1987. – 17 сәуір.
54. Педагогика оқу орындары жұмысы // Қазақстан мектебі. – 1987. – № 8. – 3-7 бет.

* * *

55. Вуз высокого назначения: о подготовке пед. кадров // Казахст. правда. – 1987. – 15 мая.
56. Забота о потомках // Біздің Отан. – 1987. – № 16, тамыз.
57. О некоторых вопросах интернационального воспитания учащейся молодежи // Ленинские принципы национальной политики КПСС и актуальные задачи интернационального воспитания: материалы респ. науч.-практ. конф. – Алма-Ата, 1987. – С 122-132.
58. Преодолевать разрыв между словом и делом: о воспитательной работе в вузе и школе // Учитель Казахстана. – 1987. – 16 апр.

1989

59. Араб-иран сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1989. – 320 бет.

* * *

60. Боль и долг памяти // Казахст. правда. – 1989. – 22 июня.

1990

61. Білімді жасқа жол ашық: ҚазМУ проректоры Л. З. Рүстемовпен әңгіме / сұхбат. К. Әзімқанов // Лениншіл жас. – 1990. – 13 шілде.

62. Қазақ тілі тұсауды үзді ме, үзбеді ме? Алматы жоғары оқу орындарындағы бүгінгі істің жай-күйі туралы пікірлер / жазып алған К. Бейсенбиева // Парасат. – 1990. – № 4. – 4-6 бет / М. Томанов, Б. Даулетовпен бірге.
63. Қасиеті халқымның... //Қазақ әдебиеті. –1990. – 6 сәуір.
64. Кезекті науқан емес, міндет // Ана тілі. – 1990. – 21 маусым.

* * *

65. Как выжить университету в рыночной экономике? // Горизонт. – 1990. – 22 дек.
66. О подготовке преподавателей русского языка на факультете русского языка как иностранного Вьентьянского университета: состояние, проблемы // Русский язык и литература в общении народов мира: докл. и сообщ. VII междунар. конгр. преп. рус. яз. и лит. – М., 1990. – С. 66-67.
67. Претворить в жизнь // Шалқар. – 1990. – 27 июля.
68. Слово о слове: заметки об арабско-иранских заимствованиях в казахском языке // Простор. – 1990. – № 8. – С. 147-150.

1991

69. Сөз туралы сөз – Слово о слове: заметки об арабско-иранских заимствованиях в казахском языке. – Алма-Ата: Рауан, 1991. – 112 с.
70. Безграмотность – аршинными буквами: как тебе живется, государственный язык? // Веч. Алма-Ата. – 1991. – 25 нояб.

1992

71. Алғы сөз: әл-Фараби ислам философиясының негізін қалаушы // Өркен. – 1992. – 18 қаңтар.
72. Аясы кеңіген факультет // Алматы ақшамы. – 1992. – 10 шілде.
73. Байланыстар бақ ашсын: Ислам Иран Республикасының құрылған күніне орай // Өркен. – 1992. – 4 сәуір.

74. Өзіңді өзің сыйламасаң, өзге сені сыйламас: тіл туралы // Өркен. – 1992. – 22 ақпан.
75. Иран иірімдері немесе көзбен көріп жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен // Жас алаш. – 1992. – 16-20 маусым.

* * *

76. Вступительное слово: аль-Фараби – основоположник исламской философии // Горизонт. – 1992. – 24 янв.

1994

77. Парсы тілінің ізашары: Қазан ун-ті шығыстану және Сирия филология фак. I курс студенттеріне арналған оқулық. – Тегран, 1994. – 584 бет / Йадолла Сәмәремен бірге.

1995

78. Парсы тілінің жолашары: Қазан ун-ті шығыстану және филология фак. II курс студенттеріне арналған оқулық. – Тегран, 1995. – 500 бет / Йадолла Сәмәремен бірге.

1995

79. Разговорник на трех языках: (персидско-русско-казахский) / сост.: Л. Рустемов. – Тегран, 1995. – 424 с.

2012

80. Лениншіл Рүстемов / бас ред. Ф. М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 274 бет. – (Өнегелі өмір; 18-шығарылым).

Еңбектердің әліппелік көрсеткіші

- Алғашқы қадамдарымыз 11
Алғы сөз 71
Алынды білім асқары, ұстаздық өмір басталды 14
Аясы кеңіген факультет 72
Араб-иран сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі 59
Байланыстар бақ ашсын 73
Басында Қазығұрттың 50
Білімді жасқа жол ашық 61
Дәстүрлер мен таптық сипаттар 29
Еңселі талап 34
Жоғары квалификациялы мамандар даярлаудың сапасы жақсартылсын 23
Жүректерге жол тапсақ 8
Зейінді зерттеу 51
Иран иірімдері немесе көзбен көріп жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен 75
Кезекті науқан емес, міндет 64
Күн мен тау елінде 35
Қазақ тілі тұсауды үзді ме үзбеді ме? 62
Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері 1
Қазақ тіліндегі араб-иран сөздері туралы 2
Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері 26
Қасиеті халқымның 63
Лениншіл Рүстемов 80
Мұғалім - творчестволық үлкен күш 18
Оқу жастарға интернационалдық тәрбие берудің кейбір мәселелері туралы 53
Оқу жүйесінің белді саласы 30
Өзіңді өзің сыйламасаң, өзге сені сыйламас 74
Өндіріс және оқу 31
Парсы тілінің жолашары 78
Парсы тілінің ізашары 77
Парсыша-қазақша тілашар 75
Партияның сенімді көмекшісі 19

Педагогика институттары комсомолының міндеттері 43
Педагогика оқу орындары жұмысын 54
Сөз туралы сөз 69
Студент және интернационалдық тәрбие 27
Сырттан оқушыларға қамқорлық 32
Тәрбие жұмысын комплексті жүргізейік 15
Тегеран сапары 10
Тек шеберлер ғана жеңеді 36
Тіл білімі тарихына қысқаша шолу 37
Ұстаз - игілікті қызмет 13
Ұстаз жайын сөз етсек 12
Үндес жыр ортақ мұралар: туысқан әдебиеттер әлемінде 7
Іс тетігі – кадрда 38

* * *

Арабско-иранские заимствования в казахском языке 3, 4
Безграмотность - аршинными буквами 70
Боль и долг памяти 60
Важный фактор повышения уровня подготовки специалистов 39
В помощь словеснику 20
Вступительное слово 76
ВУЗ высокого назначения 55
Высшей школе достойное пополнение 16
Живой и сложный процесс 9
Забота о заочниках 33
Забота о потомках 56
Как выжить университету в рыночной экономике? 65
Коммунистическое воспитание студенческой молодежи 45
Комплексный подход к процессу формирования личности студента 46
Кто придет в педагоги? 40
О грамматических особенностях арабских и иранских заимствований в казахском языке 5
Овладевать общественной профессией 44
О некоторых вопросах интернационального воспитания учащейся молодежи 57

О подготовке преподавателей русского языка на факультете
русского языка как иностранного Вьентьянского ун-та 66

Осуществление комплексного подхода к коммунистическому
воспитанию учащейся молодежи 22

Подготовка педагогических кадров в условиях развитого
социализма 47

Правовое воспитание студентов педвузов Казахстана 48

Правовое воспитание студенческой молодежи в педвузах
Казахстана 41

Преодолевать разрыв между словом и делом 58

Претворить в жизнь 67

Путевку в вуз - достойным! 25

Работа с кадрами в Казахстане в области преподавания русского
языка в национальной школе 21

Разговорник на трех языках 79

Слово о слове: Заметки об арабско-иранских заимствованиях в
казахском языке 68

Талды-Курганский педагогический институт 17

Путевку в вуз-достойным! 25

Учитель, перед именем твоим 42

Физвоспитание – на современный уровень 52

Физкультура-каждый день 49

Фонотические изменения и грамматические особенности арабско-
иранских заимствований в казахском языке 6

Чтобы завтрашний учитель в ногу с временем шагал 24

Языковое отражение исторических связей русского и казахского
народов 28

Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіші

Азарова А.	21
Даулетов Б.	62
Жолдасбеков М.	7
Кожухаров М.	44
Кульниязова А.	21
Мұқанов С.	7
Турсунов Д.	21
Томанов М.	62
Йадолла Сәмәре.	77, 78

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Профессор Л. З. Рүстемовтің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....	4
Профессор Л. З. Рүстемовтің ғылыми педагогикалық және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк.....	6
Өмірбаянынан үздік үлгі.....	8
Профессор Л. З. Рүстемовтің өмірі мен ғылыми еңбектері туралы әдебиеттер	10
Профессор Л. З. Рүстемовтің еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	11
Еңбектердің әліппелік көрсеткіші.....	20
Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіші.....	23

РҮСТЕМОВ ЛЕНИНШІЛ ЗИЯБЕКҰЛЫ

Биобиблиографиялық көрсеткіш

ИБ №6140

Басуға 10.12.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16. Көлемі 1,5 б.т.

Офсеттік қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1524.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

“Қазақ университеті” баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

“Қазақ университеті” баспаханасында басылды.

